

## Мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарын жекешелендіру барысында жер үлесіне (пай) құқын беру тәртібін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 10 маусым 1994 ж. N 611. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Президентінің "Совхоздар мүлкінің бір бөлігін директорлардың меншігіне беру туралы" 1994 жылғы 9 наурыздағы N 1585 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы е т е д і :

1. Мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарын жекешелендіру барысында жер үлесіне (пай) құқын беру Тәртібі (қоса беріліп отыр); жер үлесіне құқы туралы куәліктің нысаны (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

2. Шаруашылықтарды реформалау барысында колхозшылардың жалпы жиналысы арқылы осы Тәртіптің ережелерін басшылыққа алу ұсынылсын.

3. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті жер үлесіне құқын беру шартының және жер үлесіне құқы туралы куәліктері мен жер үлесіне құқын беру шарттарын тіркеу Кітабының нысандарын әзірлеп, бекітетін болсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-министрі*

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 10 маусымдағы  
N 611 қаулысымен

Бекітілген

### **Ауыл шаруашылық кәсіпорындарын жекешелендіру барысында жер үлесіне (пай) құқын беру**

#### **Тәртібі**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Совхоздар мүлкінің бір бөлігін директорлардың меншігіне беру туралы" 1994 жылғы 9 наурыздағы N 1585 Жарлығына сәйкес жүзеге асырылатын мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарын жекешелендіру барысында аталған кәсіпорындардың қызметкерлері екі жақты уағдаластық жағдайымен осы кәсіпорын еңбек ұжымының өзге де мүшелеріне осы үлесті (пайды) ауыл шаруашылық өндірісінде пайдалану үшін өздерінің мүліктік үлесін сата алады, бере алады

және жер үлесіне (пай) құқын бере алады.

2. Еңбек ұжымдарының мүшелері арасында үлестік бөлу Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу және жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1135 Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" 1993 жылғы 20 шілдедегі N 633 қаулысымен бекітілген Агроөнеркәсіп кешен кәсіпорындарын мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру Тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

3. Жекешелендірілген мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының әрбір қызметкеріне жер үлесіне құқы туралы куәлік (бұдан әрі куәлік деп аталады) бекітілген нысан бойынша нақты түрде осы жер үлесі бөлінбей беріледі.

Куәлік тиісті мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорын қызметкерінің жер үлесіне құқын куәландыратын құжат болып табылады.

4. Куәліктерді алу үшін жекешелендірілген ауыл шаруашылық кәсіпорындар аудан әкіміне еңбек ұжымының жалпы жиналысында бекітілген, жер үлесінің көлемдерін көрсетіп, жер үлесіне құқы бар осы ұжымдар қызметкерлерінің тізімін тапсырады.

5. Аудандық жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитеті аудан әкімі шешімінің негізінде куәліктер береді.

6. Жер үлесіне құқық беру мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорнының қызметкерінде жер үлесіне құқы туралы куәлік болғанда ғана мүмкін болады.

7. Екіжақты уағдаластық жағдайымен өзінің жер үлесіне құқын осы кәсіпорынның өзге қызметкеріне беретін ауыл шаруашылық кәсіпорын қызметкері жер үлесіне құқын беру шартымен жасалынатын келісімді жазбаша түрде ресімдейді.

8. Жер үлесіне құқын беру шарты аудандық жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитетіне беру нәтижесінде бұл құқықты алушы қызметкерге куәлік беру үшін негіз болады.

9. Қызметкерге жер үлесіне құқын өзгеге бергенге дейінгі, одан кейінгі жер үлесіне құқық беру жөніндегі берілген куәлік және жер үлесіне құқын беру шарты аудандық жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитетіндегі жер үлесіне құқын беру куәліктерін, жер үлесіне құқын беру шарттарын тіркейтін Кітапта тіркеледі.

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы  
М и н и с т р л е р            К а б и н е т і н і ң

1994 жылғы 10 маусымдағы

№ 611 қаулысымен

Бекітілген

Н ы с а н

-----

Қазақстан Республикасының Гербі

**Жер үлесіне құқы жөніндегі**

**Куәлік N**

Куәлік \_\_\_\_\_

(елді мекеннің атауы)

\_\_\_\_\_көшесіндегі N\_\_\_\_\_үйде тұратын

азамат \_\_\_\_\_

(фамилиясы, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ауданы әкімінің

199\_\_\_\_\_жылғы "\_\_\_\_\_" \_\_\_\_\_N\_\_\_\_\_шешімімен

(аудандық, облыстық, ауыл шаруашылық кәсіпорын атауы)

жер иелігінен \_\_\_\_\_га көлемінде (\_\_\_\_\_балл гектар)

жер үлесіне құқы берілді, оның \_\_\_\_\_гектары ауыл шаруашылығы

жері, оның ішінде \_\_\_\_\_жайылым \_\_\_\_\_гектар

N\_\_\_\_\_куәлік жер үлесіне құқы туралы куәліктер мен жер

үлесіне құқын беру шарттарын тіркеу Кітабында тіркелді және

\_\_\_\_\_беріледі.

( берілген күні )

\_\_\_\_\_аудандық (қалалық)

М.О.

жер қатынастары және жерге орналастыру

жөніндегі комитеттің төрағасы

\_\_\_\_\_  
(қолы)

\_\_\_\_\_  
(фамилиясы, аты-жөні)